## Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің техникалық көмек займы қаржыларының қайта бөлінуі туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қыркүйек N 1168. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.07.08. N 1080 қаулысымен. ~P971080

Қазақстан Республикасына берілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің техникалық көмек займы қаржысын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Техникалық көмек займының 38,0 (отыз сегіз) млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі қаржыларының бөлінуі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет:

займның сатылуын жалпы үйлестіруді және тауарлар сатып алуға және қызмет көрсетуге бақылау жасауды Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің ережелеріне сәйкес жүргізсін;

Займ қаржыларын пайдаланудың есебін жүргізсін және осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкіне есеп берсін.

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкіне займ қаржыларының бөлінуіндегі өзгерістер туралы хабарласын.

3. Қосымша көрсетілген жауапты ұйымдар:

Займ қаражаттарына алынған тауарларға есеп жүргізсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке тоқсан сайын есеп тапсырсын;

консультанттардан ай сайын есеп алып отырсын және жасалған жұмыстың тиімділігінің бағасы көрсетілген хатпен бірге оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке жолдасын.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 17 P940017_ қаулысымен бекітілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің техникалық көмек заемы қаржысын қайта бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы

қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қазандағы N 1329 P951329_ қаулысымен бекітілген Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің техникалық көмек займының резервтік қорын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы N 92 P960092_

қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 қыркүйектегі
N 1168 қаулысына
қосымша

Техникалық көмек займы қаржысын пайдалану бағыттары бойынша бөлу

| Жауапты ұйымдар | Мақсаты | АҚШ доллары бойынша құны |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (қайтарымды негізде) | Ұйымдар арасындағы төлемдер жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатындағы консультациялық қызметтер | 950 000 |
| | Он ірі банкті қаржылық және операциялық диагностикалық зерделеу үшін консультациялық қызметтер | 2 600 000 |
| | Жергілікті банк бақылауын ұйымдық жағынан дамыту үшін | 1 000 000 |

| | | |
|---|---|---|
| | кадрлар даярлау және консультациялық қызметтер | |
| | Банк заңдарын жасау мақсатындағы консультациялық қызметтер | 500 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 5 800 000 |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті | Жаппай акционерлендіру және жаппай жекешелендіру бағдарламасын қолдау үшін кадрлар даярлау және консультациялық қызметтер | 100 000 |
| | Жекешелендіру саласында жеке жобалар бойынша консультациялық қызметтер мен кадрлар даярлау | 400 000 |
| Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті | Ауыл шаруашылығын жекешелендіру саласындағы консультациялық қызметтер | 500 000 |
| Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті | Монополияға қарсы күрес және бәсекені қолдау саясаты саласындағы консультациялық қызметтер | 500 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 100 000 |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет | Шетелдік күрделі қаржыларды реттеу және оларға жәрдем беру саласындағы консультациялық қызметтер | 325 000 |

| | | |
|---|---|---|
| | Қызметкерлердің оқу бағдарламаларына,семинарларға конференцияларға және мәжілістерге қатысуы | 170 000 |
| | Шетел баспасөзінде ақпараттық және жарнамалық материалдар жариялау | 300 000 |
| Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі | Тау кен өнеркәсібі мен металлургияның жеке меншік секторын дамытуға жәрдем беру үшін консультациялық қызметтер | 20 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар алу | 200 000 |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | Сыртқы заемдар мен борыштарды есепке алуды жетілдіру мәселелері бойынша консультациялық қызметтер және кадрлар даярлау | 1 000 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 1 100 000 |
| Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі | Халықты жұмыспен қамтамасыз ету саласындағы консультациялық қызметтер мен кадрлар даярлау | 85 500 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 160 000 |
| Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі | Әлеуметтік қамтамасыз ету қызметі үшін консультациялық қызметтер | 440 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 160 000 |

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті | Кедейлікке және халықтың табыс табуын қолдау жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыруға бақылауды жақсарту үшін консультациялық қызметтер | 700 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 250 000 |
| | Ақпараттық-техникалық кешенді құру үшін жабдықтар сатып алу | 2 250 000 |
| Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі | Денсаулық сақтау жүйесін реформалау мақсатында консультациялық қызметтер | 575 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 25 000 |
| Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі | Мемлекеттік сектор басшылығының кәсіби даярлығы | 1 100 000 |
| | Кәсіпорындар әкімшіліктерінің кәсіби даярлығы | 1 100 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 500 000 |
| Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі | Қолданылып жүрген заңдарды реформалау мақсатында консультациялық қызметтер және кадрлар даярлау | 2 250 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 200 000 |
| | Жергілікті консультанттардың қызметтері | 200 000 |

| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі | Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша консультациялық қызметтер | 1 475 000 |
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 140 000 |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік медетші банкі | Ұйымдық даму үшін консультациялық қызметтер | 150 000 |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі (қайтарымды негізде) | Банкті компьютерлендіру жоспарын жүзеге асыру үшін компьютерлер, жабдықтар, бағдарламалық құралдар мен консалтингтік қызметтер сатып алу | 500 000 |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет | Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкі (ХҚДБ) ережелеріне сәйкес сатып алу мәселелері жөнінде консультациялық қызметтер және кадрлар даярлау | 1 900 000 |
| | ХҚДБ ережелеріне сәйкес төлемдер мәселелері жөнінде консультациялық қызметтер және кадрлар даярлау | 850 000 |
| | Жаңа жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға байланысты шығыстар | 145 000 |
| | Жобаларды жүзеге асыруға жауапты қызметкерлердің оқу бағдарламаларына,семинарларға, конференцияларға және мәжілістерге қатысуы | 75 000 |

| | | |
|---|---|---|
| | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 165 000 |
| | Жобаларды жүзеге асыруға байланысты жергілікті шығыстар | 150 000 |
| | Жобалар бойынша есепшоттарды тексеруге байланысты шығыстар | 100 000 |
| | Сатып алу туралы заңды әзірлеуге байланысты шығыстар | 30 000 |
| | Техникалық көмектің тиімділігін бағалау | 50 000 |
| | Жергілікті консультанттардың жұмысына байланысты шығыстар | 400 000 |
| Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 500 000 |
| | Ақпараттық бюллетеньдер шығару | 150 000 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 600 000 |
| | Ақпараттық бюллетеньдер шығару | 150 000 |
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 3 000 000 |
| Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 100 000 |
| Қазақстан Республикасының | Компьютерлер мен жабдықтар | 618 000 |

| | | |
|---|---|---|
| медициналық сақтандыру қоры | сатып алу | |
| Аттестациялық комитет | Компьютерлер мен жабдықтар сатып алу | 41 000 |
| Резервтік қор | | 650 000 |

Барлығы: 38 000 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК